

## Лисаков арнайы экономикалық аймағы туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 23 тамыз N 3094.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.03.31. N 104  
жарлығымен. ~U990104

"Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық-аймақтар туралы"  
Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 2823  
Z962823\_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес қаулы етемін:

1. Қостанай облысындағы Лисаков қаласының әкімшілік-аумақтық

шекарасы шегінде 2010 жылға дейінгі кезеңде Лисаков арнайы  
экономикалық аймағы құрылсын.

Лисаков арнайы экономикалық аймағының әкімшілік кеңесі Лисаков  
еркін экономикалық аймағы әкімшілік кеңесінің құқығын иеленуші болып  
табылады деп белгіленсін.

2. Лисаков арнайы экономикалық аймағы туралы Ереже (қоса беріліп  
отыр) бекітілсін.

3. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
1996 жылғы 23 тамыздағы  
N 3094 Жарлығымен  
бекітілген

Лисаков арнайы экономикалық аймағы туралы  
ЕРЕЖЕ

туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 2823 Заң күші бар Жарлығы талаптарының негізінде әзірленді және Лисаков арнайы экономикалық аймағы аумағында шаруашылық қызметті жүзеге асырудың құқықтық және экономикалық негіздерін, Лисаков арнайы экономикалық аймағының Әкімшілік кеңесінің өкілеттігін айқындайды, оның аумағында тіркелген меншіктің барлық нысанындағы ұйымдарға қолданылады.

## I. Жалпы ережелер

1. Лисаков арнайы экономикалық аймағы (Бұдан былай - Лисаков АЭА) Қостанай облысындағы Лисаков қаласының әкімшілік -аумақтық шекарасының шегінде орналасқан. Лисаков АЭА-ның жалпы көлемі 26152 га. Лисаков АЭА-ның аумағы Қазақстан Республикасы аумағының бөлігі болып табылады.

### 2. Лисаков АЭА:

аймақтың өндірістік күштерін интенсивті дамыту, кәсіпкерлік қызметті жандандыру арқылы ғылым мен техниканың осы заманғы жетістіктерін меңгеру және өндіріске енгізу, отандық және шетелдік капиталды, технологиялар мен басқару тәжірибесін тарту, шет елдермен ғылыми-техникалық және сауда-экономикалық ынтымақтастықты үдете түсу;

табиғи ресурстарды тиімділікпен кешенді игеру, аймақтың және республиканың экспорттық мүмкіндіктерін арттыру, импортты алмастыратын өнімдер өндіруді дамыту;

осы заманғы өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым жасау;

халықтың ал-ауқаты мен тұрмыс сапасын көтеру негізінде қала мен аймақты әлеуметтік-экономикалық дамыту міндеттерін шешу мақсатында құрылды.

## II. Лисаков АЭА-ның басқару органдары

3. Лисаков АЭА-ның аумағындағы басқару органы Әкімшілік кеңес болып табылады, оны Кеңестің Төрағасы республикалық және жергілікті мемлекеттік органдар, АЭА аумағында тіркелген заңды тұлғалар өкілдерінен құрады.

4. АЭА-ның Әкімшілік кеңесі заңды тұлға болып табылады, оқшау мүлікті иемденеді, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды ала алады, өзіне жауапкершілік алады, сотта қуынушы және жауапкер болады, сондай-ақ өзінің атауы жазылған елтаңбалы мөрі мен басқа да қажетті деректемелері болады.

5. Әкімшілік кеңесті осымен бір мезетте Лисаков қаласының әкімі болып отырған төраға басқарады.

6. Әкімшілік кеңесінің отырысын кемінде айына бір рет оның төрағасы

өткізеді.

Әкімшілік кеңесінің қаулылары оның мүшелерінің көпшілігінің ашық дауыс беруі арқылы қабылданады және оны АЭА аумағында орналасқан (тұратын) және жұмыс істейтін барлық заңды және жеке тұлғалар орындауға міндетті.

7. Әкімшілік кеңестің төрағасы сенімхатсыз-ақ Әкімшілік Кеңес атынан өкілдік етеді, мемлекеттік органдарда, отандық және шетелдік кәсіпорындарда, фирмалар мен ұйымдарда оның мүддесін білдіреді. Әкімшілік кеңестің мүлкі мен ақшалай қаражатына иелік етеді, шарттар, соның ішінде еңбек шарттарын жасасады, банктерде есеп айырысу, валюталық және басқа шоттар ашады, өз құзыреті шегінде сенімхаттар береді, өкімдер шығарады.

8. Әкімшілік кеңестің орналасқан жері Қостанай облысының Лисаков қаласы, Қазақстан Республикасы.

### III. Әкімшілік кеңестің өкілеттіктері

9. Лисаков АЭА-ның Әкімшілік кеңесі:

АЭА-ның даму бағдарламасын әзірлеп, іске асырады;

АЭА-ның бюджетін қалыптастырады, бюджет қаражатын пайдалану бағытын айқындайды;

АЭА-ны дамыту үшін және оны құру мақсатына қол жеткізу үшін отандық және шетелдік инвестициялар мен кредит қаражатын тартуды жүзеге асырады;

АЭА-ның аумағында қызметін жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілердің мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынасын реттеуге жәрдемдеседі;

АЭА-ден сырт жерлерде оның Әкімшілік кеңесінің өкілдіктерін ашу туралы шешімдер қабылдайды;

жерді пайдалану, АЭА-ның аумағында орналасқан үйлер мен

ғимараттарды жалдау, сондай-ақ инфрақұрылым объектілерін жеңілдікпен пайдалану мәселелері жөнінде шешімдер қабылдайды;

занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын әрі

АЭА-ның аумағынан келу және АЭА-ның аумағынан кету жөнінде рұқсат беру функцияларын атқаратын органдардың қызметі үшін қажетті жағдай

туғызады;

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

### IV. Қаржы

10. Лисаков АЭА-ның бюджеті сонымен бірге Лисаков қаласының бюджеті болып табылады.

АЭА-ның бюджетін оның Әкімшілік кеңесі қалыптастырады. АЭА-ның бюджеті кірісіне АЭА-ның аумағында салық төлеушілер ретінде тіркелген заңды және жеке тұлғалар төлейтін жалпы мемлекеттік және жергілікті салықтар мен алымдар есептеледі.

АЭА-ның Әкімшілік кеңесі бюджеттік теңгермелі атқарылуына жауап береді және түскен кірістер шегінде республикалық бюджетте бекітілетін нормалар бойынша шығыстарды жүзеге асырады.

Лисаков АЭА-ның бюджетінің облыстық бюджетпен өзара қарым-қатынасы оның 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған даму бағдарламасының орындалуын қамтамасыз ететін АЭА-ның бюджетіне келіп түскен қаражаттан жасалатын аударымдардың ұзақ мерзімді тұрақты нормативтері арқылы белгіленеді. 1996 жылға - 20%, 1997 жылға - 25%, 1998 жылдың бірінші жарты жылдығына - 30%, екінші жарты жылдығына - 50%, 1999-2000 жылдарға - 50% мөлшерінде аударымдар жасау нормативтері белгіленеді. <\*>

1996 жылға арналған аударым нормативі Лисаков АЭА туралы Ереже бекітілген сәттен енгізіледі.

<\*>

Жоғары тұрған бюджетке аударым ай сайын, келесі есеп беру кезеңінен кейінгі айдың 10-нан кешіктірілмей жүргізіледі.

Қолданылып жүрген заңдарда көзделген арнаулы қорларға төлемдер АЭА-ның бюджетін қалыптастырудың көзі болып табылмайды.

1999 жылдың 1 шілдесінен бастап облыстық бюджетке ақша аударымдары күн сайын жасалады. <\*>

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР

Президентінің 1998.06.30. N 3989 жарлығымен. U983989\_

11. Лисаков АЭА-ның Әкімшілік кеңесі Лисаков АЭА-ның Экономикалық және әлеуметтік даму қорын құрады.

Лисаков АЭА-ның экономикалық және әлеуметтік даму қоры еркін бюджеттік қаражаты, салықтық емес сипаттағы аударымдар мен алымдар, саудаластық, аймақтық лотереялар, заемдар өткізуден түскен кірістер, заңды және жеке тұлғалардың ерікті жарналары мен қайырымдылық пұлы есебінен құралады. Бұған қоса экономикалық және әлеуметтік даму қорына жаңа өндіріс

орындарын дайындау және жұмыс істеп тұрған өндіріс орындарын кеңейту жөніндегі шығындарды қаржыландыруға арнап, Қазақстан Республикасының Үкіметі берген жеңілдікті кредит енгізілуі мүмкін.

АЭА-ның экономикалық және әлеуметтік даму қорының қаражаты Лисаков АЭА-ның дамыту бағдарламасында көзделген іс-шараларды қаржыландыруға, қызметі аймақтың әлеуметтік экономикалық дамуына бағытталған шаруашылық жүргізуші субъектілерге ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді жеңілдікті кредиттер беруге; халық тұтынатын тауарларды өндіру жөніндегі қуаттарды құру мен кеңейту және халыққа қызмет көрсетуге, кадрлар даярлауға және АЭА-ның қызмет істеуі мен дамуына қатысты басқа да мақсаттарға бағытталады.

Экономикалық және әлеуметтік даму қорының іс-шараларды жеңілдікпен кредиттеуге арналған қаражаты Лисаков АЭА-ның даму бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Лисаков бөлімшесінің депозиттік есеп-шотына салынады, ол бұларды АЭА-ның Әкімшілік кеңесі белгілеген шартпен шаруашылық жүргізуші субъектілерді кредиттеу үшін кредиттік ресурстар ретінде екінші деңгейдегі банктерге береді.

Жеңілдікті кредиттердің уақтылы әрі нысаналы пайдаланылуы мен қайтарылуын бақылауды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің Лисаков бөлімшесі мен екінші деңгейдегі банктер жүзеге асырады.

Экономикалық және әлеуметтік даму қоры мемлекеттік кәсіпорын нысанында құрылған заңды тұлға болып табылады.

Қорға иелік етуші Лисаков АЭА-ның Әкімшілік кеңесінің төрағасы болып табылады.

## V. Кредит жүйесі

12. Лисаков АЭА-ның аумағында банк-кредит жүйесін өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бөлімшесі мен екінші деңгейдегі банктер мен олардың бөлімшелері құрайды.

## VI. Салық салу

13. Лисаков АЭА-ның аумағында салық салу Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

14. АЭА-ның аумағында тіркелген шаруашылық жүргізуші субъектілерге Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеңілдікті

салық салу режимі қолданылады.

## VII. Кедендік реттеу

15. Лисаков АЭА-ның аумағы Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тыс тұрған аумақ ретінде қарастырылады, онда еркін кедендік аймақ режимі қолданылады. Қазақстан Республикасының кеден органдары Лисаков АЭА-ның аумағындағы тауарларға кедендік бақылауды жүзеге асырады.

16. Шетелдік және қазақстандық тауарларды Лисаковск АЭА-ның аумағына әкелгенде кеден бажы мен салық алынбайды және экономикалық саясат шаралары қолданылмайды. <\*>

ЕСКЕРТУ. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің  
1997.02.24. N 3360 жарлығымен. U973360\_

17. Лисаков АЭА аумағында толығымен өндірілген немесе кеден заңдарымен белгіленген өлшемдерге сәйкес қажетті түрде қайта ұқсатуға түскен тауарларды Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорттаған кезде бұлар кеден бажын алу мен экономикалық саясат шаралары қолданудан босатылады.

18. Тауарларды Лисаков АЭА-ның аумағынан Қазақстан Республикасының кеден аумағының қалған бөлігіне және Лисаков АЭА-ның аумағынан Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тасымалдау кезінде тауарлардың шығу негізіне қарай кедендік баж салығы мен салықтар алынады және экономикалық саясат шаралары қолданылады.

Тауарларды Лисаков АЭА-ның аумағынан Қазақстан Республикасының кеден аумағының қалған бөлігіне әкелген кезде Ресейде, Беларусьта және Қырғызстанда шығарылған тауарларын, тауардың СТ-1 нысан бойынша шығарылғаны туралы сертификаттары болса, сондай-ақ толығымен Лисаков АЭА аумағында өндірілген немесе Қазақстан Республикасының кеден заңдарымен белгіленген өлшемдерге сәйкес қажетті түрде қайта ұқсатуға түскен тауарлармен кедендік бажы алынбайды.

19. Лисаков АЭА аумағына әкелінетін және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорттауға арналған тауарларды кедендік ресімдеу экспорттау режиміне сәйкес кеден ісі жөніндегі нормативтік актілерде белгіленген тәртіппен кеден бажы мен салық алынбай және экономикалық саясат шаралары қолданылмай жүзеге асырылады.

20. Лисаков АЭА-ның аумағынан Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорттауға жататын тауарлар Қазақстан Республикасының кедендік аумағының қалған бөлігіне қайтарылған кезде немесе белгіленген мерзім ішінде іс жүзінде экспорттау жасалынбаған жағдайда кеден бажы мен салық, сондай-ақ олардан қайта қаржыландырудың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейтін ресми проценттік ставкасы бойынша проценттер төленеді.

21. Лисаков АЭА аумағынан тауарларды әкелу мен әкету Лисаков АЭА-ның Әкімшілік-аумақтық шекарасында орналасқан арнаулы кеден бекеттері арқылы жүргізіледі.

22. Қазақстан Республикасының кеден заңдарымен, сондай-ақ осы Ережемен белгіленген тәртіпті бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының кеден заңдарында көзделген жауапкершілік шаралары қолданылады.

### VIII. Лисаков АЭА-ның аумағында шаруашылық жүргізуші субъектілерді тіркеу

23. Лисаков АЭА аумағында құрылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, сондай-ақ олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Тіркейтін органды қаржыландыру тәртібін Әкімшілік кеңесі белгілейді.

24. АЭА аумағында орналасқан барлық заңды тұлғалар олардың меншік нысандарына қарамастан мемлекеттік тіркеуге жатады.

Заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері, оларға заңды тұлға құқығы берілмей-ақ, есептік тіркеуге жатады.

25. Шаруашылық жүргізуші субъектілерді мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің (жалпы бөлім) "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының және Шаруашылық жүргізуші субъектілерді мемлекеттік тіркеу мәселелерін реттейтін басқа да нормативтік актілердің нормаларына сәйкес жүргізіледі.

### IX. Шетел азаматтарының Лисаков АЭА-да болу тәртібі

26. Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ олардың көлік құралдарының келуін, кетуін, транзитін және болуын ресімдеу жөніндегі қызметті орындау мақсатымен орталық атқарушы органдар АЭА-ның аумағында тиісті мемлекеттік органдардың жекелеген бөлімшелерін құрады. Аталған бөлімшелерді қаржыландыру тәртібін Әкімшілік кеңесі белгілейді.

## Х. Қорытынды ережелер

27. Лисаков қаласына 2010 жылға дейінгі кезеңге АЭА мәртебесі берілген.

28. Лисаков АЭА-ы құрылған мерзімі біткеннен кейін таратылады.

Лисаков АЭА-ы таратылатын кезде, оның Әкімшілік кеңесі Қазақстан Республикасының Президентіне және Үкіметіне өзінің қызметі туралы есебін, ал тиімді деп тапса - қосымша мерзімге АЭА-ның мәртебесін ұзарту туралы негізді өтініш жолдайды.

29. Лисаков АЭА-ның қызмет ету мерзімі біткеннен кейін Әкімшілік кеңесінің төрағасы заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне Лисаков АЭА-сы таратылу процесінде екені туралы мәліметтер енгізу үшін Әкімшілік кеңесті мемлекеттік тіркеуден өткізген әділет органына оның таратылатыны туралы жазбаша хабарлайды.

Әкімшілік кеңесінің төрағасы сонымен бірге жергілікті және орталық баспасөз органдарында Лисаков АЭА-ның таратылатыны туралы, оның кредиторларының шағымдарын мәлімдеу тәртібі мен мерзімі туралы хабарлама жариялайды.

Заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне бұл туралы жазба енгізілгеннен кейін ғана Лисаков АЭА-сын тарату аяқталған болып есептеледі. АЭА-ны тарату оның жұмыс істеу мерзімі біткен күннен бастап алты айдан кешіктірілмей жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Лисаков АЭА-ны мерзімінен бұрын тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда тарату реті осы Ереженің 29-тармағында көзделген тәртіппен жүргізіледі.